

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Хисим Мирас Өмірбекұлы

«Біқшам ауданын жобалауда тірек торабын құру»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Мамандығы 5В071100 – «Геодезия және картография»

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

МІж-еГ кафедра меңгерушісі

PhD докторы, сеньор-лектор

Имансакипова Б.Б.Имансакипова

“22” мамыр 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: “Инженерлік жүйелерді орнату кезінде топографиялық түсірісті өңдеу”

Мамандығы 5B071100 – «Геодезия және картография»

Орындаған

Хисим М.Ө.

Ғылыми жетекші: лектор

Ш.А.Жантуева

20 мамыр 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Мамандығы 5В071100-Геодезия және картография

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі МІж Г

Доктор PhD, сеньор-лектор

Имансакипова Б.Б.Имансакипова

22 мамыр 2020 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Хисим Мирас Өмірбекұлы

Тақырыбы: БҚШам ауданын жобалауда тірек торабын құру

Университет Ректорының 2020 жылғы "27" қаңтар №762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 20жыл 22 мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) ТС-1101 тахеометрі

б) Жоспарлы геодезиялық желілер

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

1. Киселев М.И., Михелев Д.Ш. Инженерная геодезия

2. Справочник по использованию электронного тахеометра ТС 407 Leica.



3. Нұрпеисова М.Б. Геодезия.

Дипломдық жұмысты дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Геодезия	10-наурыз 2020ж.	
Құрылыс аумағында тірек геодезиялық желілерді құру	29-сәуір 2020ж	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолқойылған күні	Қолы
Геодезия	Лектор Жантуева Ш.А.	22.мамыр 2020ж.	
Қалып бақылаушы	т.ғ.м., ассистент Нукарбекова Ж.М.		

Ғылыми жетекші  Жантуева Ш.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Хисим М.Ө.

Күні "21" қаңтар 2020 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы Атырау ықшамауданының геодезиялық тірек торларын құру кезінде жүргізілген геодезиялық жұмыстар қарастырылған.

Дипломдық жұмыста ықшамаудан жанында жүргізілген топографиялық-геодезиялық жұмыстаржайында, материалды камералды дайындау, геодезиялық ізденіс жұмыстары және түсірілім негіздемесін құру мен оның нәтижелерін камералды өңдеу жайында мәлімет берілген.

Инженерлік құрылыстарды жобалау, салу және пайдалану үшін техникалық дұрыс және экономикалық тұрғыдан ең қолайлы шешімдерді әзірлеуді қамтамасыз ететін қажетті бастапқы деректерді алу үшін құрылыс аудандарының (учаскесінің) табиғи жағдайларын жан-жақты зерттеу жайында деректер келтірілген.

Инженерлік зерттеулердің негізгі түрлері инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрометеорологиялық, инженерлік-геодезиялық ізденістерді қамтыды. Зерттеу барысында Leica TC 1101 және Total Station маркалардағы құралдары, далалық компьютер және LISCAD бағдарламалық пакеті қолданылды.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы предусматривает геодезические работы при создании геодезических опорных сеток Атырауского района. В дипломной работе представлена информация о топографо-геодезических работах, проведенных вблизи микрорайона, камеральной подготовке материала, геодезических изысканий и составление съемочного обоснования и камеральной обработки его результатов.

Приведены данные о детальном обследовании природных условий районов (участков) строительства для получения необходимых исходных данных, обеспечивающих разработку технически правильных и экономически приемлемых решений для проектирования, строительства и эксплуатации инженерных сооружений.

Основные виды инженерных исследований включали инженерно-геологические, инженерно-гидрометеорологические, инженерно-геодезические изыскания. В ходе исследования были использованы маркшейдерские средства Leica TC 1101 и Total Station, полевой компьютер и программный пакет LISCAD.

ANNOTATION

The topic of the thesis provides for geodetic work in the creation of geodetic reference grids of the Atyrau region. The thesis provides information about topographic and geodetic works carried out near the neighborhood, cameral preparation of the material, geodetic surveys and preparation of the survey justification and cameral processing of its results.

Data on a detailed survey of the natural conditions of areas (sites) of construction to obtain the necessary initial data to ensure the development of technically correct and economically acceptable solutions for the design, construction and operation of engineering structures.

The main types of engineering research included engineering-geological, engineering-hydrometeorological, engineering-geodesic surveys. The survey used Leica TC 1101 and Total Station surveyors, a field computer, and the LISCAD software package.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1.Геодезия.....	10
1.1 Физикалық-географиялық жағдайлары.....	10
1.2 Геодезиялық желілер.....	11
1.2.1 Геодезиялық тірек желілері.....	12
1.2.2 Қоюландырудың геодезиялық тірек желілерін құру.....	14
1.3 Геодезиялық бөлу негізін құру.....	15
1.3.1Алдын ала барлау.....	16
1.3.2Топографиялық-геодезиялық жұмыстар орындаукезіндегі талаптар.....	17
1.4 Тахеометриялық түсірілімнің мәні.....	18
1.4.2Техникалық сипаттамалар.....	21
1.5Жалпы мәліметтер. Инженерлік-геодезиялық ізденістердің түрлері мен міндеттері.....	22
1.5.1Құрылыстардыбөлутәсілдері.....	23
1.5.2 Құрылыс торын құру және пайдалану.....	24
1.5.3 Құрылыстың бас және негізгі осьтерін бөлу тәсілдері.....	26
1.5.4 Полярлық координаталар тәсілі.....	26
1.5.5 Тікбұрышты координаталар әдісі.....	27
1.5.6 Бұрыштықтікелейкертпетәсілі.....	27
1.5.7 Сызықтық кертпе тәсілі.....	28
1.5.8 Жарма кертпе тәсілі.....	28
1.5.9 Құрылыстарды егжей-тегжейлі бөлу.....	28
1.6 Геодезиялық бөлу негізі.....	28
1.6.1 Құрылыс аумағында тірек геодезиялық желілерді құру.....	30
1.6.2 Жоспарлы геодезиялық желілер.....	31
1.7 Тік жоспарлау.....	32
1.7.1 Қала аумағын тік жоспарлау сызбасы.....	34
1.7.2 Тік жоспарлау әдістері.....	35
1.7.3Бойлық профиль.....	36
Көлденең профиль.....	36
1.7.5Жобалық деңгейлер әдісімен тік жоспарлау.....	37
Қиылыстарды тік жоспарлау.....	38
1.7.6Жер үсті суларының ағынын ұйымдастыру.....	39
Су бұрудың қабылданған нұсқасы.....	41
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	44

КІРІСПЕ

Қалаларды салу және реконструкциялау бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары негізінде әзірленетін құрылыс салу жобалары бойынша жүзеге асырылады.

Қаланың жоспарлау және құрылыс салу жобасы мынадай жобалық құжаттамадан тұрады: бірінші кезектегі құрылысты орналастыру жобасымен қаланың бас жоспары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы және құрылыс салу нобайы, қалалық өнеркәсіп ауданын жоспарлау жобасы, құрылыс салу жобасы, қала аймағын жоспарлау жобасы.

Атырау шағын ауданында геодезиялық тірек желісін құру кезінде геодезиялық жұмыстарды жүргізуге келесі топографиялық-геодезиялық жұмыстар кешені жүргізілді.

– Материалдарды камералдық дайындау.

– Төңірекке алдын ала барлау жасау және белгіленген бекеттерді геодезиялық белгілермен бекіту.

– Геодезиялық іздестірулер және түсірушілік негіздемесін жасау.

– Нәтижелерді камералдық өңдеу.

Іздестіру мақсаты - жобалық-сметалық құжаттаманы кейіннен жасақтау үшін топографиялық-геодезиялық негіз алу.

Құрылыс үшін инженерлік іздестірулер деп инженерлік құрылыстарды жобалау, салу және пайдалану кезінде техникалық дұрыс және экономикалық неғұрлым орынды шешімдерді әзірлеуді қамтамасыз ететін қажетті бастапқы деректерді алу үшін құрылыс ауданының (учаскесінің) табиғи жағдайларын кешенді зерттеуді түсіну керек.

Инженерлік іздестірулердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- инженерлік-геологиялық,

- инженерлік-гидрометеорологиялық,

- инженерлік-геодезиялық.

Осы дипломдық жоба дипломдық жобалау кезінде пайдалану үшін ұсынылатын БҚҚЖ (ЕСКД) және СПДС (ҚЖҚЖ) нұсқаулықтар мен стандарттар тізіміне сәйкес жасалған.

1 ГЕОДЕЗИЯ

1.1 Физикалық-географиялық жағдайлары

Атырау облысы Қазақстан Республикасының батысында орналасқан және солтүстікте Батыс Қазақстан, шығыста Ақтөбе, оңтүстік пен шығыста Қазақстанның Маңғыстау облыстарымен, батыста - Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі, ал оңтүстік пен оңтүстік – шығыста Каспий теңізінің суларымен ұласады. Жалпы ауданы 118,6 мың км² құрайды.

Облыс аймағы Каспий ойпатында, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, солтүстік-батыста Еділдің сағаларының арасында және оңтүстік-шығыста Үстірт жонында орналасқан. Даласы жазық, солтүстікте шағын таулар (Індер) орналасқан. Ауа-райы күрт құбылмалы, өте құрғақ, жазы ыстық және қыста орташа суық. Каспий теңізінің облысқа іргелес бөлігінде тереңдігі 50 м-ден кем. Жағалау жиегі аз кесіліп, шағын құмды аралдар мен жағалаудағы аралдар кездеседі. Каспий теңізінің солтүстік жағалауын бойлай батпақты құрақ белдеуі, Орал мен Ембі жайылмаларында — шағын ағаш-бұта өскіндері (тоғайлар) созылып жатыр. Облыс аумағының ормандары мен бұталары 1%-дан кем. Көптеген жабайы жануарлар сақталған: жыртқыш (қасқыр, түлкі-қарсақ), кеміргіштер (сарышұнақтар, қосаяқтар, ор қоян мен орман қояндар), тұяқтылар (қабан, киік), құстар (дуадақ, безгелдектер).



1-сурет-Атырау облысы

Каспий маңы ойпаты солтүстігінде Жалпы Сырт, батысында – Еділ мен Ерген адыры, шығыста – Орал үстірті және Үстірт. Ойпаттың ауданы шамамен 200 мың км².

Теңіз деңгейінен биіктігі 149 м дейін, ойпаттың оңтүстік бөлігі мұхит деңгейінен төмен және 28 м құрайды. Каспий маңы ойпаты теңізге еңкейген тегіс бет болып табылады, оның ішінде жеке биіктіктер – Індер таулары, Үлкен Богдо көтеріледі.

Каспий маңы ойпатын Орал, Еділ, Терек, Құма және басқа өзендер кесіп өтеді. Шағын өзендер (Үлкен және Кіші Өзен, Ойыл, Сағыз) жазда құрғайды

және бірқатар шұңқырларға ыдырайды да, Қамыс — Самар көлдері, Сарпин көлдері сияқты көлдердің тасуын құрайды. Көптеген тұзды көлдер (Баскунчак, Эльтон және т.б.).

1.2 Геодезиялық желілер

Координаттар және биіктіктер жүйесі. Далалық жұмыстарды орындау үшін Мемлекеттік Геодезиялық Желінің (МГЖ) триангуляция тармақтары пайдаланылды.


Триангуляция бекеттерінің координаттары 42 жыл координаттық жүйеде ұсынылған.

Карталар мен жоспарларды құрастыру, геодезиялық есептерді шешу, оның ішінде құрылысты геодезиялық қамтамасыз ету үшін Жер бетінде бір-бірімен өзара бірыңғай координаттар жүйесімен байланысты бірқатар нүктелер бар. Бұл нүктелер Жер бетінде немесе ғимараттар мен құрылыстарда орталықтармен (белгілермен) таңбаланады. Орналасуы координаттардың бірыңғай жүйесінде анықталған төңіректе немесе ғимараттарда бекітілген нүктелердің (бекеттердің) жиынтығын геодезиялық желілер деп атайды.

Геодезиялық желілер жоспарлы және биіктікті болып бөлінеді:

- алғашқысы геодезиялық орталықтардың Х және У координаттарын анықтау үшін қолданылады
- екіншілері олардың Н биіктіктерін анықтау үшін.

Жоспарлы геодезиялық желілерді құру принципі мынадай. Төңіректе геометриялық фигуралар: үшбұрыштар, төртбұрыштар, сынған сызықтар және т. б. түрінде өзара орналасатын нүктелер таңдалады.



2-сурет-Қарапайым түсіруге геодезиялық желілері

а) екі бастапқы жақ арасындағы үшбұрыштар тізбегі; б) орталық жүйе; в) геодезиялық төртбұрыш; г) екі бастапқы бекет арасындағы үшбұрыштар тізбегі


Желі жалпыдан жекеге, бекеттер мен жоғары дәлдіктегі өлшеулер арасындағы үлкен қашықтықтағы желілерден аз өсіп келе жатқан және аз дәлдіктегі желілерге өту принципі бойынша салынады.

Геодезиялық желілер төрт түрге бөлінеді: мемлекеттік, қоюландыру, түсіру және арнайы.

Мемлекеттік геодезиялық желілер желілердің басқа түрлерінің бастапқы құрылымы болып табылады.

Мемлекеттік геодезиялық тірек желілерін құру сызбасы және жіктелуі.

Әртүрлі жерге орналастыру іс-шараларының үлкен кешенін жүргізу кезіндегі негізгі материалдар топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу нәтижесінде жасалатын төңіректің жоспарлары мен карталары болып табылады.



3-сурет-Төңіректің топографиялық жоспары

Үлкен аумақтағы жоспарлар мен карталар құру осы барлық аумаққа жоспарлы және биік тірек геодезиялық желілерді алдын ала құруды талап етеді. Бұл желілер деп орналасуы қабылданған координаттар жүйесіндегі координаттармен және теңіз деңгейінен биіктіктермен немесе басқа да қабылданған деңгей үсті беттерімен анықталған жер бетіндегі бекеттердің жиынтығын түсінеді. Бұл ретте бекеттер тек жоспарлы немесе тек биікті болуы мүмкін. Бұл бекеттер алдын ала жасалған жобаға сәйкес орналастырылады және төңіректе тиісті белгілермен белгіленеді. Тіректік геодезиялық желілерді құру жалпы бөліктен жеке бөлікке дейін жүргізіледі. Бұл дегеніміз, бастапқыда кең аумақта сирек кездесетін бекеттері бар желілер салынып жатыр, бірақ өлшеулер жоғары дәлдікпен жүргізіледі. Содан кейін бұл бекеттерден дәлдігі аз болған кезде, түсірілімнің тікелей негіздемесі ретінде қызмет ететін бекеттерге үнемі ауысып отырады. Жоспарлы геодезиялық желілер талап етілетін дәлдікке байланысты триангуляция, трилатерация және полигонометрия немесе олардың тіркестері мен түр өзгерту әдістерімен

құрылады. Биіктік желілері геометриялық және тригонометриялық, ал кейде барометрлік нивелирлеу әдістерімен құрылады.

Триангуляция әдісі - бұл төңіректе барлық бұрыштарды және әдетте, екі жағын өлшейтін бір-біріне жанасатын үшбұрыш жүйесін құрайтынына негізделеді.

Трилатерация әдісі триангуляция сияқты барлық жақтары өлшенетін бір-біріне жанасатын үшбұрыштар жүйесі болып табылады.

Полигонометрия барлық бұрыштары мен жақтары жоғары дәлдікпен өлшенетін бір немесе бірнеше кадамнан тұрады. Бұл әдіспен, әдетте, жазық жабық аудандарда, яғни қоныстанған жерлерде және елді мекендерде тіректі салады.

Геодезиялық тірек желілерін құру үш кезеңмен орындалады: ең алдымен мемлекеттік желіні, содан кейін - жергілікті маңызы бар желілерді және ақырында, түсіру желілерін салады. 1:10000 масштабта және одан да кіші түсірілімдер кезінде жергілікті маңызы бар желілер тартылмайды.

Мемлекеттік геодезиялық желі барлық масштабтарды түсірудің басты геодезиялық негізі болып табылады.

Олар былай жіктеледі:

а) I, II, III және IV сыныптағы триангуляция, полигонометрия және трилатерация желілері;

б) I, II, III және IV сыныптағы нивелирлік желілер, кіші сынып желісі жоғары сынып желісінің негізінде құрылатындай, өлшеу дәлдігі бойынша және орындалу реті бойынша ажыратылады.

Полигондарды құрайтын буындардың ұзындығы 200 км-ден аспауы тиіс, әрі I сыныпты триангуляция буындары қажет болған жағдайда сол сыныпты полигонометриямен ауыстырылуы мүмкін. Бұл желі астрономо-геодезиялық деп аталады. Ол жердің нысаны мен көлемін анықтау бойынша ғылыми міндеттерді шешуге қызмет етеді.

I сыныптағы триангуляция негізінен меридиандар мен параллельдер бойында орналасқан және периметрі 800-1000 км жуық болатын полигон құрайтын қатарлар түрінде құрылады. Полигондарды құрайтын буындардың ұзындығы 200 км-ден аспауы тиіс, бұл ретте I сыныпты триангуляция буындары қажет болған жағдайда сол сыныпты полигонометриямен ауыстырылуы мүмкін. Бұл желі астрономиялық-геодезиялық деп те аталады. Ол Жердің пішінін және көлемін анықтау бойынша ғылыми міндеттерді шешуге қызмет етеді.

II сыныпты триангуляция I сыныпты триангуляцияның полигондарының ауданын толық жабатын үшбұрыштар желісі түрінде құрылады. Жекелеген жағдайларда триангуляция желілері II сыныпты полигонометрия жүрісінің желілерімен ауыстырылуы мүмкін. Триангуляция желілерінің ішінде, шамамен полигон ортасында кем дегенде, бір базистік жақты (ab) өлшейді, оның ұшында ендікті, бойлық және азимутты да анықтайды.

I және II сыныптар тармақтарының негізінде, қажеттігіне қарай бірнеше тармақтардан тұратын жеке жүйелер түрінде III сынып триангуляциясы

құрылады. IV сынып триангуляциясы, сондай-ақ, жоғары сынып тармақтарының негізінде жүйелер немесе жекелеген бекеттер түрінде құрылады.

Осындай тәртіппен полигонометрия әдісімен III және IV сыныпты геодезиялық желілер салынады.

1.2.1 Қоюландырудың геодезиялық тірек желілерін құру

Қоюландырудың геодезиялық тірек желілері екі разрядқа бөлінеді. Триангуляция әдісімен құрылған желілер типтік фигураларды құрайды: орталық жүйе, үшбұрыштар тізбегі және геодезиялық төртбұрыш. Әрбір осындай фигура жоғары сыныпты геодезиялық тірек бекеттеріне сүйенеді.

Қоюландыру желілері ірі масштабты түсірілімдер кезінде түсірілім негіздемесін жасау үшін тірек болып табылады. Жергілікті маңызы бар бекеттердің тығыздығы топографиялық түсірудің ауқымына байланысты. Мысалы, 1:10000 масштабтағы түсіру үшін бекеттердің арасындағы қашықтық 2-3 км болған кезде трапециядағы бекеттер саны кемінде 4-5 болуы тиіс. Бекеттер бетон орталықтармен және сыртқы белгілермен пирамида немесе межелер түрінде бекітіледі. 1 және 2-разрядты қоюландыру желісінің барлық бекеттерінің жазықтықтағы желілік координаттары және техникалық нивелирлеумен анықталатын орталықтардың белгілері болуы тиіс.

Үлкен ауданда қоюландырудың тірек желілерін құру кезінде оны құрудың алдын ала жобасы жасалады.

Жобаның құрамында:

1. Берілген масштабтарды түсіру үшін тіректі құру мақсаттары мен міндеттерін баяндау.

2. Координаттары, биіктіктері бар жоғары сыныптардың мемлекеттік желісінің тірек бекеттерінің болуы және берілген ауданда аумақтық орналасуы туралы мәлімет.

3. аналитикалық желінің түсіру планшеттерінің трапецияларының сызбалық салынған шекаралары бар ұсақ масштабты жоспар. Бұл ретте үшбұрыштар тізбегінің, орталық жүйелердің, төртбұрыштардың және т.б. үлгілік фигуралары көрсетіледі. Жабық төңіректе полигонометриялық кадамдарды жобалау жөн. Бекеттерді орналастыру нобайы түсірілім негіздемесін дамыту үшін әрбір планшеттің тірегін қамтамасыз етуі тиіс.

4. Орталықтар мен белгілерді салу сипаты туралы мәліметтер.

Жобаны құрастырғаннан кейін орындаушы жобаны жүзеге асыру үшін далаға шығады. Алдын ала барлау тірек бекеттерін орналастыру және бекеттердің орналасқан жерін түпкілікті таңдау бойынша жобаны нақтылаудан тұрады. Бекеттер түсірілім желісін құруды ескере отырып, төңіректің командалық биіктіктерінде таңдалады. Алдын ала барлау кезінде кейде жергілікті жағдайларға сәйкес жобаның аздаған өзгерістері жасалады. Алдын

ала барлаудан кейін орталықтар мен белгілерді салу, содан кейін бұрыштар мен желілерді өлшеу, тірек желілерінің көлденең бұрыштарын өлшеу жүргізіледі.

1.3 Геодезиялық бөлу негізін құру

Аланды құрылысқа дайындау барысында құрылыс салуға жататын ғимараттар мен құрылыстардың жобасын төңірекке шығару, сондай-ақ (кейіннен) құрылыстың барлық сатыларында және ол аяқталғаннан кейін геодезиялық қамтамасыз ету кезінде жоспарлы және биіктік негіздеме үшін қызмет ететін геодезиялық бөлу негізі құрылуға тиіс.

Жоспардағы құрылыс объектілерінің жағдайын анықтау үшін геодезиялық бөлу негізін көбінесе былай құрайды:

- кәсіпорындар мен ғимараттар мен құрылыстар топтарының құрылысы үшін негізгі ғимараттар мен құрылыстардың төңірегінде орналасуын және анықтайтын құрылыс торлары, бойлық және көлденең осьтері және олардың габариті түрінде;

- қалалар мен кенттерде жекелеген ғимараттар салу үшін жергілікті жерде орналасуын анықтайтын қызыл сызықтарды (немесе құрылыс салуды реттеудің басқа желілерін), бойлық және көлденең осьтер және ғимараттың габариті түрінде.

Құрылыс торы негізгі және қосымша болып бөлінетін шаршы және тікбұрышты фигуралар түрінде орындалады. Тордың негізгі фигураларының жақтарының ұзындығы 200 - 400 м, ал қосымша фигураларының – 20 - 40 м.

Құрылыс торын жобалау кезінде:

- бөлу жұмыстарын орындау үшін максималды ыңғайлықтар қамтамасыз етілген;

- негізгі салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстар тор фигураларының ішінде орналасқан;

- тор желілері салынып жатқан ғимараттардың негізгі осіне параллель және мүмкіндігінше оларға жақын орналасқан;

- тордың барлық жақтары бойынша тікелей сызықтық өлшеулер қамтамасыз етілген;

- тор бекеттері межелес бекеттерге көрінетін бұрыштық өлшеулерге ыңғайлы орындарда, сондай-ақ олардың сақталуы мен орнықтылығын қамтамасыз ететін орындарда орналасқан.

Төңіректегі құрылыс торын бөлу бастапқы бағытты табиғи бағытқа шығарудан басталады, ол үшін алаңда (немесе оған жақын жерде) бар геодезиялық желіні пайдаланады. Геодезиялық бекеттер мен тор бекеттерінің координаттары бойынша полярлық координаттар мен бұрыштарды анықтайды, олар бойынша тордың бастапқы бағыттарын төңірекке шығарады. Содан кейін бастапқы бағыттардан барлық алаңдарда құрылыс торын жіктейді және оны жоспарлы нүктесі бар тұрақты белгілермен қиылысу орындарында бекітеді. Белгілер бетонмен толтырылған құбырлардың кесіктерінен, рельстердің

бетондалған кесіктерінен және т. б. жасалады. Белгінің табаны топырақтың кату шекарасынан кем дегенде 1 м төмен орналасуы тиіс.

Сол сияқты қызыл сызықты алып, бекітеді.

Салынып жатқан объектілердің негізгі осьтерін төңірекке ауыстырған кезде құрылыс торының жоспарлы бөлу негізі ретінде тік бұрышты координаттар әдісі қолданылады. Бұл жағдайда координаттар сызығы ретінде құрылыс торының жақын жақтары, ал олардың қиылысуы — санақтың нөлі ретінде қабылданады. Құрылыс бас жоспарында жоспарлы бөлу негізі ретінде қызыл сызық болған кезде болашақ ғимараттың орнын айқындайтын қандай да бір деректер келтірілуі тиіс.

Ғимараттың басты осьтері оның контурынан тыс жоғарыда келтірілген конструкцияның жоғары жататын белгілерімен бекітіледі.

Құрылыс кезінде құрылыс ұйымы жүзеге асыратын геодезиялық бөлу негізінің белгілерінің сақталуы мен тұрақтылығын қадағалау қажет.

Мәңгі тоң топырағы бар аудандарды игеру кезінде, ең алдымен, топырақтың температуралық режимін бақылауды ұйымдастыру және қатып қалған жағдайда оны сақтау шараларын қабылдау қажет. Ол үшін кемінде 5 м тереңдікке бұрғыланған және маусымдық еріту аймағында шегендеу құбырымен қорғалған температуралық ұңғымалар орнатылады. Ұңғымаларды жазғы және қысқы уақытта үстіңгі жағынан термооқшаулағыш қораппен жабады. Құрылыс алаңында табиғи геотермиялық режимді сақтау үшін барлық қойма және монтаждау алаңдарында табиғи қабаттың үстінен ірі түйіршікті материалдарын, мысалы, құрамында шаңды бөлшектер аз (5%-ға дейін) болатын қиыршықтас-күмдф қоспасын салады [2].

1.3.1 Алдын ала барлау

Камералдық жағдайларда жасалған геодезиялық желінің жобасы төңіректе тексеру мен нақтылауды қажет етеді. Бұл мақсатта бекеттерді алдын ала барлауды орындайды. Оның негізгі міндеттері мыналар болып табылады: желіні құру нобайына сәйкес төңіректегі геодезиялық бекеттердің нақты орналасқан жерлерін таңдау; геодезиялық белгілер биіктіктерін түпкілікті есептеу; геодезиялық белгілер мен жер асты орталықтарының типтерін таңдау, жер асты орталықтарының салыну тереңдігін анықтау; алдын ала барлау кезінде алынған жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі қосымша деректерді ескере отырып, шығыстардың жалпы сметасын нақтылау.

Геодезиялық желінің бекеттері төңіректің ең биік шыңында орналасуы тиіс. Бекеттің орналасатын жерін таңдау кезінде келесі талаптарды сақтау қажет: бекеттерді инженерлік құрылыстар мен тұрғын үйлерге, темір және автомобиль жолдарына, жоғары кернеу желілеріне, телеграф және телефон желілеріне, құбыр желілеріне және т.б. жақын орналастыруға болмайды; бекеттерді бағалы ауыл шаруашылық дақылдары орналасқан жерлерде, батпақтарда, көшкіндерде, жайылмаларда, сондай-ақ су тасқындары кезінде

суға толатын жерлерде және жер асты орталықтары мен сыртқы белгілердің ұзақ уақыт сақталуына кепілдігі болмайтын басқа да жерлерде орнатуға болмайды. Геодезиялық бекетті орнату орнын таңдаумен бір мезгілде бағдар бекеттерін салуға арналған орындар белгіленеді. Геодезиялық бекеттің (сондай-ақ, бағдарлаушы бекеттердің, астробағаналардың) таңдалған орналасқан жері төңіректе қолжетімді құралдармен, мысалы, тастардан жасалған қорғандармен, межелермен, ағаш бағандарымен және т. б. белгіленеді.

Алдын ала барлаудың бірінші түрі (белгілер жасалғанға дейін) тек ашық (орманы жоқ) аудандарда, оның ішінде жазық, адырлы және таулы аудандарда ғана қолданылады, онда жапсарлас бекеттер мен белгілердің биіктігі арасындағы көріну жерден немесе биік емес дінгектерден, сатылардан және т.б. орнатылады. Алдын ала барлаудың екінші түрі (құрылыспен бір мезгілде) анағұрлым прогрессивті, өйткені бірінші түрмен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтары бар. Ол жабық немесе жартылай жабық жерде қолданылады.

1.3.2 Топографиялық-геодезиялық жұмыстар орындау кезіндегі талаптар

Көліктің қарқынды қозғалатын көшелер мен алаңдарда топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу көше қозғалысын реттеу бөлімдерімен келісіледі. Аумақтардағы жұмыстар (артиллериялық полигондар, атыс орындары, аэродромдар, электр станциялары, зауыт аумақтары) осы аумақтарды жүргізетін органдардан осы жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі рұқсат пен нұсқау алғаннан кейін ғана арнайы жүргізіледі.

Қалалардың, зауыттардың, қоймалардың аумақтарында орталықтарды, маркаларды, реперлерді салу, геодезиялық белгілерді салу осы аумақтарды жүргізетін тұлғалардың рұқсатымен жүргізіледі.

Құрал-саймандармен бір тұрақтан екінші тұрақтарға тротуардың ең жиегінде жүріп келе жатқан көлікке қарсы өту жөн, сондықтан осындай есеппен инструментальды қимылдарды салу керек.

Рейкаларды, мұнараларды, ашылған штативтерді иықта тағуға тыйым салынады. Жұмыстағы үзіліс кезінде көшелер мен жолдардың автомобиль жүретін бөлігінде болуға және құрал-саймандарды қалдыруға тыйым салынады.

Үйлердің төбелерінде орнатылған геодезиялық белгілердегі бақылаушылардың алаңдары, ормандар және жер деңгейінен 1 м-ден астам биіктікке бұрыштық және сызықтық өлшеу кезінде геодезиялық құралдарды көтеру үшін орнатылатын уақытша төсемдер берік, тұрақты және биіктігі 1 м-ден кем емес таяныштармен қоршалуы тиіс.

Екі немесе одан да көп тік қабаттарда геодезиялық жұмыстарды бір мезгілде жүргізу немесе сол жағдайларда бір мезгілде геодезиялық және басқа, мысалы, құрылыс, каскасыз жұмыс жүргізуге және қорғаныс қоршауларды жасауға тыйым салынады.

Тиісті ұйымдардың келісімінсіз жоғары вольтты электр беріліс желілерін, шағын электр станцияларды иеліктен айыру жолағында, антенналық алаңдарда жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.


Биіктікті өлшеуді, сымдарды ілуге, электр беріліс желілерін рулетканың, рейканың, сырықтардың, ілгектердің және басқа да заттардың көмегімен тікелей өлшей отырып ілуге тыйым салынады, ал оны аналитикалық түрде анықтау керек.

Рейкаларды ілгектерді және басқа да заттарды электр беріліс желілерінің сымдарына, темір жолдарының және трамвай желілерін түйіспе желісіне 2 м жақын қашықтыққа көтеруге тыйым салынады.

Жолдың автомобиль жүретін бөлігінде және тротуарларда жер бетінен қадаларды, құбырларды және басқаларды қалдыруға тыйым салынады. Ұзындығы 15 см-ден асатын қадаларды қолдануға, теодолитті жүріс нүктелерін қаланың асфальтталған бөлігінде бекітуге тыйым салынады.

1.4 Тахеометриялық түсірілімнің мәні

"Тахеометрия" ("жылдам өлшеу") деп төңіректегі бекеттердің орналасқан жері мен биіктігін бірлесіп анықтауды түсінеді. Бұл ретте, координаттары мен биіктігі белгілі тұрақты бір нүктесінен полярлық координаттар әдісі бойынша, яғни бағыт пен қашықтық арқылы бекеттердің орналасуы анықталады. Асып кету алынған қашықтықтың және өлшенген тік бұрыштың көмегімен тригонометриялық жолмен анықталады. Қашықтықтар қашықтық өлшеуіш жіптердің көмегімен, яғни оптикалық жолмен жанама түрде өлшенеді.



4-сурет-К және N нүктелерінің орналасуын анықтау

К және N нүктелерінің орналасуы β_1 және β_2 полярлық бұрыштарын, d_1 және d_2 көлденең қашықтықтарын және h_1 және h_2 нүктелерінің P жазықтығынан асып кетуімен анықталады.

Тахеометриялық түсірудің тән ерекшелігі жер бедерін нақты бейнелеу болып табылады. Тахеометриялық жолмен алынған көлденең жоспарлардың құрылыс мақсаттары үшін масштабтары, әдетте, 1:500 немесе 1:1000 болады.

Кейде 1:2000 немесе тіпті шолу мақсаттары үшін 1:5000 масштаб қажет болады. Тұру нүктесінен алынатын бекеттердің ең үлкен қашықтығы түсірілімнің ауқымына байланысты.

Тахеометрия әдісі топографиялық карталарды жасау кезінде де қолданылады, мысалы 1:5000 және 1:10000 масштабтағы карта және 1:25000 мензульдік парақ үшін.

Тахеометрия әдісі төңіректің анықталған бекеттері қолжетімді деп болжайды. Егер мұндай шарт, мысалы, биік таулы аудандарда орындалмаса, онда фотограмметрия әдістерін қолдануға болады, олардың көмегімен Жер бетінен немесе ауадан алынған тиісті фотосуреттер бойынша көлденең жоспарлар құрылады.

1.4.1 TC-1101 тахеометрі

Тахеометр – бұл қашықтықты өлшеумен қатар кез-келген бұрыштық өлшеулерді жүргізетін және алынған деректер бойынша барлық алынған ақпаратты сақтай отырып, инженерлік есептеулерді жүргізетін аспап. Тахеометрлер геодезиялық ізденістер, межелеу, құрылыс және басқа да қолданбалы есептер кезінде кеңінен қолданылады. Электрондық тахеометр сияқты осындай әмбебап аспап барлық міндеттерді шешу кезінде күш пен уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Өлшеу кезінде жинақталған деректерді арнайы интерфейс арқылы компьютерге беру мүмкіндігі және одан кейіннен өңдеу арқылы бұл аспап төңіректің сандық моделін (ТСМ) жасау кезінде бірінші буындардың бірі болып табылады.



5-суре-Leica TC 1101 тахеометрі

Ақпаратты бекіту секілді электрондық тахеометрлер функциясы бірегей болып табылады – жүргізілген есептеулер осы құрылғының жадысында сақталады. Кейіннен барлық деректер кәсіби өңдеу үшін компьютерге оңай аударылуы мүмкін.

Бұдан басқа, электрондық тахеометрлер жобаның нүктелерін нақты шығару, аудан мен көлемдерді өлшеу, координаттарды есептеу үшін таптырмас

құрал. Ішінара тахеометр құрылыс деңгейі мен оптикалық нивелир функциясын атқарады: аспаптың көмегімен көлденең жағдайларды, объектілердің көлбеуін, бір нүктеден басқа нүктелерден асып кетуін есептеуге болады.

Тахеометрлер тек тұрмыста ғана емес, сондай-ақ математикалық дәлдікті талап ететін жауапты жұмыстардың түрлерінде де пайдаланады. Бұл электр беру желілер сымдарының салбырауын өлшеу және "қол жетпейтін биіктікте" деп аталатын жұмыстарды орындау. Тахеометрлер ірі масштабтағы топографиялық түсіруді жүргізуге, салынған немесе салынып жатқан объектілерді түсіруге мүмкіндік береді. Бұл аспаптар жер телімінің координаттарын мінсіз орнататын бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған.

Leica швейцариялық фирманың тахеометрлері өзін кәсіби мамандарға лайықты түрде көрсетті. Ең жоғары құрастыру сапасы, тоқтаусыз жұмыс жасау және өте сауатты жасалған интерфейс көптеген геодезистердің осы марка туралы оң пікірін толық ақтайды. Leica тахеометрлерінің модельдік қатарында қарапайым құрылыс тахеометрлері, сондай-ақ тойтарғыш өлшеулердің бірегей мүмкіндіктеріне (R индексті аспаптар), мақсаттарды автоматты іздеу және бағыттау мүмкіндіктеріне (A индексті аспаптар), мақсаттарды жылдам іздестіру мүмкіндіктеріне (P индексті аспаптар), сондай-ақ кірістірілген сервомоторлар арқылы тахеометрді қашықтықтан басқару мүмкіндігіне (M индексті аспаптар) ие болатын тахеометрлер бар.

TPS1100 (Total Station Positioning System) аббревиатурасы "жүйені жаппай жайғастыру" дегенді білдіреді. TPS1100 сериялы құралдар түрлі дәлдік класстарымен әртүрлі модификацияларда шығарылады. Жаңа технологиялар, жалпы, өлшеу операцияларын автоматтандыруға мүмкіндік берді, бұл оларға жұмыс уақытын қысқартумен, оларды неғұрлым қарапайым және тиімді пайдаланумен байланысты артықшылықтарды береді, шағылыстырғышты пайдаланбай жүргізілуі мүмкін. TPS1100 сериялы құралдардың стандартты жиынтығында құралдың айналу осіне байланысты лазерлік тіктеуіш бар. Осылайша, TPS1100 қызыл лазерлік нүкте проекциясының көмегімен қажетті нүкте үстінен жылдам және дәл орнатуға болады.

Leica Geosystems фирмасы геодезиялық жұмыстармен байланысты көптеген міндеттерді шешу үшін қолданбалы бағдарламаларды ұсынады. Әрқашан Сіздің міндеттеріңізге жауап беретін осы бағдарламалардың бірін таңдауға болады.

Арнайы Geo Basic бағдарламалық ортасында TPS1100 сериялы құралдар үшін арнайы бағдарламалар жасауға болады.

Компьютерлік технологияларда кеңінен қолданылатын PC-карталар TPS1100 сериялы аспаптарда ақпарат тасығыш ретінде қолданылады. Бұл ретте деректердің құрылымы Leica Geosystems фирмасының электрондық тахеометрлерінде қолданылатын құрылымдармен үйлесімді.

Leica SurveyOffice - бұл жеке компьютерлерге арналған бағдарламалық пакет, ол TPS1100 және RCS1100 құралдарын қолдауды және осы бағдарламалық жасақтама мен осы серияның құралдары арасында деректерді алмасуды қамтамасыз етеді.

Аспаптың техникалық сипаттамалары:

-Белгініжіберу.

-Offsetредукциясыныңэлементтері. Редукция элементтеріненгізу.

Тіркеуденкейінмәндердісақтау немесе 0-ге тастау мүмкін.

- Еркінкодтар. Кодтаркестесіндекодтардыенгізу немесеіздеу.

PAGE - Парақ. Парақтыпарақтау пернесі. Егер барлық ақпарат бір дисплейге сыймаса, оны PAGE пернесі арқылы көруге болады. Әдетте, дисплейдің бірінші тармағында кеңес бар (мысалы, 4-тен 3 қарастырылатын парақтың нөмірі – 3, ал барлық парақтар саны – 4 болатынын білдіреді), ал дисплейдің жоғарғы оң жақ бұрышында қара үшбұрыш символының болуы дисплейдің қосымша беттері бар екенін көрсетеді.

Мәзір келесі тармақтардан тұрады:

- Бағдарламалар. Бағдарламаларды шақыру.

- Аспаптың жалпы баптамалары - өлшем бірліктері, пернелерді жарықтандыру, жылыту, баптау және т. б.

1- Кесте- LeicaTC 1101 тахеометрдің техникалық сипаттамалары

Бұрыштарды өлшеу	Абсолюттік, үзіліссіз
DIN 18723 сәйкес көлденең және тік шеңбердің дәлдігі	1,5"(0,5mgon)
Өтемдегіш/орнату ауқымы/орнату дәлдігі	Екі осьтік/± 0,07gon/0,2mgon
Қашықтықтарды өлшеу (шағылыстарғышпен бірге) - дәлдік	2мм + 2ppm
Өлшеу қашықтығы (орташа атмосфералық жағдайларда дөңгелек призма)	Өлшеу қашықтығы (орта атмосфералық жағдайдағы дөңгелек призмалар)
Қашықтықтарды өлшеу (шағылыстарғышсыз) - дәлдік	3мм + 2ppm
Өлшеу қашықтығы (орташа атмосфералық жағдайларда дөңгелек призма)	1 – 5км
Пернетақта	Екіжақты
Дисплей	ЖК 8 тармақ x 32 таңба
РСМСІА жады картасы деректер блогының саны	2Мб:18000 таңба
Деректерді тіркеу	Сырттай іске қосу үшін интерфейс RS232
Дүрбіні ұлғайту	30х
Объективтің диаметрі	40мм
Ең кіші нысаналау қашықтығы	1,7м
Бағыттаушыбұрандалар	Үзіліссіз
Кірістірілген аккумулятор	GEB121, NiMH
Кірістірілген аккумулятор өлшеулер саны	600
600	4,7кг

- Атмосфера параметрлерін енгізу, қашықтық өлшегіш түрін, өлшеу режимін, шағылыстырғыштың түрін және т. б. таңдау.

- Файлдармен жұмыс істеу. Жобаны сипаттауға, деректерді, кодтарды енгізуге және өңдеуге және т. б. мүмкіндік береді.

- Калибрлеу. Коллимациялық қателіктің мәндерін және зенит орнын карау және өлшеуді орындау.
- Деректералмасу параметрлері. Хаттама параметрлерін енгізу.
- Деректералмасу.
- Жүйелі қақпарат. Батареяның жағдайы, құралдың температурасы, күні, уақыты.
- Іс-әрекет тәртібі. Құралдық оқсқан кезде әрекет тәртібін сипаттайды [11].

1.5 Инженерлік-геодезиялық ізденістердің түрлері мен міндеттері

Құрылыстың барлық түрлерін салу экономикалық және техникалық сипаттағы бірқатар мәселелерді білуді талап ететін жобалар бойынша жүргізіледі.

Сондықтан жобаны құрастыру алдында инженерлік іздестірулер, яғни мақсаты болашақ инженерлік құрылысты салу және пайдалану шарттарын зерттеу болатын кең ауқымды далалық, камералдық және зертханалық жұмыстар кешені.

Инженерлік іздестірулер бағдарламасы экономикалық, инженерлік-геодезиялық, инженерлік-геологиялық, гидрологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, климаттық, жергілікті құрылыс материалдарының кен орындарын іздестіруді, қолданыстағы инженерлік құрылыстарды зерттеуді және құрылысты ұйымдастыру жобасын және сметаларды жасау үшін бастапқы деректерді жинауды қамтиды.

Инженерлік-геодезиялық іздестірулердің құрамына жер асты және әуе коммуникацияларының тірек геодезиялық желілерін құру кіреді. Басқа ұйымдармен құрылысты, электр энергиясымен, сумен, газбен және т.б. және кірме жолдардың жалпы желі жолдарына жанасу орындарын салуды қамтамасыз ету мәселелері келісіледі.

Инженерлік-геодезиялық ізденістердің мазмұны мен әдістемесі жобаны құру сатысымен негізделген.

Жобалаудың бірінші сатысында құрылыстың экономикалық орындылығы мен техникалық мүмкіндігін, сондай-ақ оның сметалық құнын анықтайтын техникалық жоба әзірленеді. Осы кезеңге сәйкес келетін іздестірулер құрылыс ауданын және оған іргелес аумақтарды топографиялық карталар, аэротүсірімдер мен профильдер бойынша зерттеуге жатады.

Бас жоспарға қосымша құрылыс жоспары жасалады, оған барлық уақытша өндірістік ғимараттар мен құрылыстар салынады.

Жобаны жасаудың екінші сатысы бекітілген техникалық жоба негізінде әзірленетін, құрылыс элементтерінің бөлшектерін қамтитын және құрылыс алаңындағы геодезиялық жұмыстардың әдістемесін жарықтандыратын жұмыс сызбалары болып табылады.

Жобалаудың осы сатысында инженерлік-геодезиялық іздестірулер үлкен дәлдікпен және егжей-тегжейлі сипатталады, бірақ, әдетте, салынып жатқан құрылыс объектісінің учаскесін ғана қамтиды.

Инженерлік-геодезиялық іздестірулер құрылысқа геодезиялық қызмет көрсетудің бірінші кезеңі болып табылады.

1.5.1 Құрылыстарды бөлутәсілдері

Кез-келген құрылыс аумағында бөлу жұмыстарын орындау үшін төңіректе тиісті түрде бекітілген тірек геодезиялық бекеттер желісі алдын ала құрылады. Мұндай желілер геодезиялық бөлу желілері деп аталады. Осы желілерге қойылатын негізгі талаптар::

- олар геодезиялық бөлу жұмыстарын жүргізу жобасы бойынша құрылыстың түрі мен сипатын ескере отырып белгіленетін дәлдіктің берілген дәрежесіне ие болуы тиіс.;

- бөлу желісінің бекеттері геодезиялық құралдар мен аспаптарды орнату үшін ыңғайлы болатындай және, мүмкіндігінше, құрылыстың соңына дейін өз жағдайын сақтап қалатындай етіп таңдалады.

Құрылыс алаңдарының өлшемдеріне, құрылыстың сипатына және қажетті дәлдікке байланысты геодезиялық бөлу желілері триангуляция, микротриангуляция, трилатерация, полигонометрия әдістері арқылы немесе арнайы құрылыс торлары құрылады.

Жақтары 0,5-тен 2,5 км-ге дейін болатын триангуляциялық желілер үлкен көпірлер, су тораптары мен үлкен туннельдерді салу кезінде бөлу желілері ретінде құрылады. Бұл желілердегі бұрыштар 1-2 дәлдікпен өлшенеді, ал базистік жақтары, орта есеппен, 1/200 000 – 1/300 000 қатынаста өлшенеді; көршілес бекеттер орналасуының дәлдігі 1-2 см шегінде болады.

Жақтары 20-50 м болатын микротриангуляциялық желілер жылдамдатқыштарды, биік ғимараттар мен басқа да бірегей құрылыстарды салу кезінде салынады.


Полигонометрия бөлу желісі ретінде ұзын желілік құрылыстар, туннельдер, қалалық ғимараттар, көшелер, жолдар және гидротехникалық құрылыстарды салу кезінде қолданылады. Полигонометрия, сондай-ақ қалалардағы құрылыстардың қызыл сызықтарын табиғи түрде шығарылуын бақылау үшін қолданылады.

1.5.2 Құрылыс торын құру және пайдалану

Құрылыс торы төңіректе дұрыс шаршылар немесе тікбұрыштар жүйесі түрінде жобаланады, олардың шыңдары бөлу жұмыстарын орындау үшін тірек бекеттер қызметін атқарады.

Торлардың жақтарының ұзындығы төңіректің бедеріне, құрылыстың көлеміне және қажетті дәлдікке байланысты 50-400 мм аралығында болады.

Торды құру кезінде қойылатын талап - оның жақтары салынатын құрылыстың бас осьтеріне параллель болуы тиіс. Мұндай желі тікбұрышты координаталар немесе перпендикулярлар әдісін қолдана отырып, бөлу жұмыстарын барынша оңай орындауға мүмкіндік береді. Төңіректегі құрылыс торын алу үшін құрылыстың басты осьтерімен параллельдікке жете отырып, оны ең алдымен бас жоспар бойынша жобалайды, содан кейін құрылыс торының төбелері бас жоспарға айналдырады. Торларды бағдарлау кезінде торлардың төбелері құрылыстың барлық уақытында сақталған және олардың арасында көріну болатын жерлерге түсуге ұмтылады.



7-сурет- Құрылыс торы

Құрылыс торының координаталар жүйесі, әдетте, жергілікті, бұл ретте координаталардың басы теріс координаталармен жұмыс істемейтіндей етіп таңдалады. Осы мақсат үшін координаталар құрылыс алаңының оңтүстік-батыс бұрышына орналастырылады.

Төңіректегі құрылыс торын ауыстыру және бекіту бойынша далалық жұмыстар осындай ретпен орындалады:

- бас жоспарда және төңіректе бар геодезиялық бекеттерден, алдын ала 1-2 м дейінгі дәлдікпен тордың төбесін төңірекке ауыстырады және оларды уақытша таңбалармен белгілейді;

- құрылыс алаңында триангуляциялық немесе полигонометриялық желі салынады, бұл желілерге құрылыс торының кейбір төбелері қосылады;

- триангуляция немесе полигонометрия бекеттерінен құрылыс торының барлық уақытша таңбаларының координаталарын анықтайды;


